



77 Nursultan балабақшасының

« Балапан » ортаңғы тобының

ата- аналар жиналысының

№1 хаттамасы

Тәрбиеші: Жұмашова С.А

2025-2026 оқу жылы

### Хаттама №1

**Тақырыбы:** « Ата-ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі»

**Мақсаты:** Отбасылық өмірдің рухани-адамгершілік негіздерін ашып көрсету.

**Өткізілген күні:** 26. 09.2025ж.

**Қатысқан ата - аналар саны:** 10

**Қатыспағандар:** 9

Ата-аналар жиналысының күн тәртібінде:

1. Достық шеңбері

2. Баяндама: Ата- анамен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі.

3. Әртүрлі сұрақтар.

4. Тренинг.

1. Ата-аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бір-біріне жылы тілектер тіледі.

2.Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі. Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет.

Мемлекетіміз келешекте жас ұрпақтың еліміздің азаматы болуы үшін денсаулығына, отбасына, ойынға, білімге деген құқықтарын толығымен қуаттап, қабілеттерін барынша жүзеге асыру үлкен жетістіктерге жетуде табанды болуын қалайды.

Бала тәрбиесі ана сүтімен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

### 3.Әртүрлі сұрақтар:

1.Балабақша режимі таңертең 8:00- 8: 45 ке дейін қабылданады. Кешке 18:30-ға дейін алып кету керек.

2. Балабақша төлемақысын уақытылы төлеп отыру керек.

3.Балабақшаға келмеген жағдайда сағат 8: 15 ке дейін ескерту керек.

4. Себепсіз балабақшадан қалмау керек.

5. Балалардың тазалығын қадағалау керек.

4. Ата- аналар комитетін сайлауға тәрбиеші ұсыныс тастады. Бір ауыздан келісіп, ата-ана комитеті Темірғали Ж.Ш. Көмекшісі: Ибраһим Қ,Е ата-аналар комитетінің мүшесі болып сайланды. Ата- аналар бір ауыздан келісіп сайланды.

### № 1 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балаларды уақытында келіп, уақытында алып кету керек екенін шешті
2. Ата-аналар балабақшамен, тәрбиешілермен тығыз қарым-қатынаста болатынын шешті.
3. Ата-аналар ға балабақша төлемақысын кешіктірмей толеуге, баланы себепсіз қалдырмау жүктелді.

### 5.Тренинг « Күн сәулесі»



## №2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Тақырыбы: «Ата – анамен үлкендерді құрметтеу».

Мақсаты: Отбасылық өмірдің рухани – адамгершілік негіздерін ашып көрсету.

Өткізілген күні: 12.01.26 жыл.

Ата-аналар саны: 19

Қатысқан ата-ана саны: 19

Ата-аналар жиналысының күн тәртібі:

1. «Ата – аналарды және үлкендерді құрметтеу» баяндама
2. Пікір алмасу
3. I жарты жылдың қортындысы
4. Ұйымдастырушылық сұрақтар

Достық шеңбері. Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бір – біріне жылы тілектер тіледі. 1. Ата – аналарды және үлкендерді құрметтеу. Баяндама Ата – аналарды және үлкендерді құрметтеу. Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды. В. Сухомлинский Ата-аналарын құрметтеу - бұл балаларының ең бірінші міндеті. Әке мен ананы қалай дұрыс құрметтеу керек? Әрине, ең алдымен оларды жақсы көру керек, оларға шынайы ризашылық білдіру, ақиқатқа қарсы келмейтін болса, барлық кезде оларды тыңдау, олардың әрекетін сынамау, олардың өтініштері мен ауруларына шыдамды болу, оларға қамқорлық көрсету керек. Бұл өзіміздің алдымыздағы парызымыз. Ата-анамызға үлкендерге сүйіспеншілік пен құрмет көрсету маңызды және адамның бақытты өмір сүруінің кепілі болып табылады. Балаға ата-анасын, үлкендерді және өз-өзін құрметтеуді қалай үйретсе болады? Ең алдымен бала жақын адамдарынан ешқашан қорлық көрмейтінін білуі тиіс. Әсіресе бұл жазалауға байланысты. Есте сақтау керек, ата-ана арасындағы қарым-қатынас баланың үлкендермен өзін қалай ұстайтынының көрсеткіші. Егер әке мен ана айғаймен арақатынастарын шешетін болса, бала көзінше балағаттау және қорлау болса, онда бала үшін бұл әрекетінің басшылығы болмақ. Ата-ана тарапынан қарт адамдардың өміріне араласуы, оларға қамқорлық көрсетуі - бала үшін нағыз жарқын және әсер ететін үлгі. Оның үстіне бұл

тіптен қиын емес. Баланың үлкендерге деген құрмет көрсету сезімін тәрбиелей отырып, сонымен бірге өзіңізге сенімді және бақытты қарттықты қамтамасыз ететініңізді ұмытпаңыз. Әке мен ананы құрметтеу оларға деген сүйіспеншілікті, нәзік қарым-қатынасын білдіреді. Баласы, қызы ретіндегі парыздарын барлық жағынан: оймен де, сөзбен және іс - әрекетімен де атқарулары тиіс. Бұл деген, ата-анаң туралы не ойласанда, сенің ата-анаң қандай ерекше, ғажап және керемет адамдар екен ойла, олардың жақсы қасиеттерін, іс - әрекеттерін, адамгершіліктерін еске түсір. Ата-аналар өздеріне деген қарым-қатынасты өздері енгізеді. Олар үнемі балаларына жасаған қарым-қатынасының жемісін жейді. Ата-аналар балаларының денінің сау болуын қадағалау, сүйіспеншілік кеңістігін жасау, құндылықтардың дұрыс жүйесін құру, адамдықтың негізгі қағидаттарын ашу және өмірдегі алғашқы өз бетінше қадамдары үшін қажетті білім алуға көмектесулері қажет. Ең бастысы - үнемі үлгі болып, жандарынан табылу. Пікір алмасу. Бүгінгі тақырып бойынша өз пікірлеріңізді айтып, ойларыңызбен бөлісіңіздер. Дарынның анасы: Біз үйде отбасымызбен бала тәрбиесіне көп көңіл бөлеміз. Баланың «сіз, рахмет, өтінемін, кешіріңіз» деген сөздерді үнемі қолданып сөйлеуін қадалап отырмыз. І жарты жылдың қортындысы. І жарты жылды қорыта айтатын болсақ, ең бастысы балалар балабақшаға, балабақша өміріне толық үйренді. Барлық балалар жыламай еркін кіреді. Өздері тамаққа ішіп, дәретханаға да біздің көмегімізсіз отыра алады. Ұйымдастырылған оқу әрекетінде де еркін отырып, 15 – 20 мин жұмыс жасай алады. Балалар пішіндерді, түстерді айта алады. Сонымен қатар жыл мезгілін және айларын біледі. Қыс мезгілінің табиғаттағы өзгерістерді атай алады. Алтын күз мерекесімен, жаңа жыл мерекесінде балалар өздерін жақсы көрсетті. Өлеңдерін, тақпақтарын жақсы айтып, билерінде жақсы билейді. Тәрбиешілер балабақша басшыларынан көптеген мақтау алды. Ұйымдастырушылық сұрақтар. 1. Балабақша режимі таңертең 8:15 ке дейін алып келу керек немесе тәрбиешіге звандап ескерту керек. Кешке 18:45 дейін баланы алып кету керек. 2. Балабақша ақысын уақыты төлеп отыру керек. 3. Балабақшаға келмеген жағдайда таңғы сағат 8:15 ке дейін ескерту керек. 4. Себепсіз балабақшадан қалмау керек. 5. Балалардың тазалығын қадағалау әсіресе тырныққа көңіл бөлу.

№2 Ата-аналар жиналысының шешімі: 1. Ата – аналар балаларды уақытында келіп, уақытында алып кету керек екенін қадағалау керек екенін шешті. 2. І жарты жылдық қортындыны тындап, балабақшамен тәрбиешілермен тығыз қарым – қатынаста болатынын шешті. 3. Ата-аналарға балабақша ақысын кешіктірмей төлеуге, баланы себепсіз қалдырмау жүктелді.

Бекітемін

«Nursultan 77»

менгерушісі: Д. Жұмашова



### Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

Тәрбиші: Жұмашова С.А

2025-2026 оқу жылы

**Жиналыстың тақырыбы: "Балалардың қауіпсіздігі - ата-аналардың жауапкершілігі"**

Қатысты: 11

Қатыспағандар: 8

**Мақсаты:** балалардың өмірінің қауіпсіздігі мәселелерінде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру

**Тапсырмалар:** ата-аналардың мектеп жасына дейінгі балаға төнетін қауіптер туралы білімдерін қалыптастыру; балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау; ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

**Жиналыс жоспары. 1. Кіріспе бөлім**

2. Балалардың қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері

3. "Мен баламның қауіпсіз екенін білемін" рефлексия ойыны

4. "9 мамыр" ертеңгілігіне дайындық.

**Жиналыс барысы**

Бірінші және екінші сұрақтар бойынша тәрбиеші Жұмашова С.А. сөз сөйледі. Ол балалардың қауіпсіздігі көп жағдайда балаларға қандай кеңес беретінімізге, нені үйрететінімізге байланысты екенін айтты. Біздің ең маңызды міндетіміз - баланы өзіне және айналасындағы адамдарға жауапкершілікпен қарауға, қауіп-қатерді алдын-ала білуге және тануға, жеке қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін сақтауға, төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау үлгілерін дамытуға үйрету. . Ересектердің негізгі жауапкершілігі- балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмей өмір сүруі мен дамуы үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету. Сондықтан балалардың денсаулығы мен өміріне кері әсерін тигізетін қауіп-қатерлердің алдын алу үшін біз әрқашан жан-жақты қарулануымыз керек. Қауіпсіздік - бұл адамның өмірі мен денсаулығына төнетін қатерлерден қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, денсаулық пен бақытты болашаққа кепілдік беретін өмір салты. О.А. ата-аналарға қауіпті бірнеше топқа бөлуге болатындығын түсіндірді: балабақшадағы бала, бала және басқа адамдар, бала мен табиғат, үйдегі бала, қала көшелеріндегі бала, бала және компьютер. Мұғалім әр бөлім бойынша ата-аналардың қауіпсіздік ережелері мен міндеттерін баяндады.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды тәрбиеші Жұмашова С.А. Ол мен ата-аналармен "Мен баламның қауіпсіз екенін білемін" атты интерактивті ойын өткізіп, өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы ережелері мен табиғаттағы тәртіп, сондай-ақ тұрмыстық техниканы пайдалану саласындағы білімдерін тексеруді ұсындым. Е.Н. жоғарыда айтылғандарды қорытындылады: қауіпсіздік ережелерін ескермеңіз! Біздің әрқайсымыз күтпеген жағдайға тап болуымыз мүмкін, қауіп төнген адамға кім көмектеседі? Ең алдымен, ол өзі! Мұны түсіну дегеніміз - өмір қауіпсіздігі негіздерін оқуда маңызды қадам жасау. Біз ересектер бұл жолда басты көмекші болуымыз керек.

Төртінші мәселе бойынша муз сөз сөйледі.жетекшісі Подгорная Е.В. Ол іс-шараның барысы, атрибуттары, костюмдері туралы айтып берді.

**Ата-аналар жиналысының шешімі:**

Мұғалімдердің ұсыныстарын тыңдау, балаларының өмірінің қауіпсіздігі мәселелеріне мұқият болу. Сонымен қатар ата-аналардың міндеттерін қатаң сақтау. "9 мамыр" мерекесіне атрибуттар жасауға ерікті түрде қатысыңыз

